

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

6. Сопко В.В., Завгородний В.П. Организация бухгалтерского учета, контроля и анализа. – К.: КНЭУ, 2001. – 223 с.
7. Хоменко Н.В., Карпенко О.В., Верига Ю. А. Товарные запасы: проблемы учета, контроля и отчетности // Монография. – Полтава: РВВ ПУПКУ, 2008. – 153с.
8. Мазараки А.А., Лигоненко Л. , Ушакова Н.И. Экономика торгового предприятия: // Учебник. – К.: Крещатик, 2008. – 800 с.
9. Положення (стандарт) бухгалтерського обліку 16 „Витрати” : Затверджено наказом Міністерства фінансів України № 318 від 31.12.1999р. [Електронний ресурс]. – Режим доступу : <http://zakon5.rada.gov.ua/laws/show/z0027-00>

ӘОЖ 657.1(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ РЕТТЕУ

Исаева Арайлым Ахмедуллаевна
i.arai_27.92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
магистранты, Астана қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші: Тажикенова С.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларында еліміздің әлемдік экономикалық жүйеге сәтті ықпалдасуы - экономикалық дамудың сапалы негізі екенін атап өтеді. Сондықтан, шоғырландырылған қаржылық есептілікті халықаралық стандарттарға сәйкес құру отандық компаниялардың халықаралық нарықтарға шығуының басты шарттарының бірі болып табылады. Осы тұста, құрамында еншілес және тәуелді ұйымдары бар, шаруашылық қоғамдар шоғырландырылған қаржылық есептілік құруы міндетті.

Шоғырландырудың қажеттілігі экономикалық мақсатқа лайықтылықпен анықталады. Біртұтас экономикалық субъект тұжырымдамасына сәйкес, компаниялар тобы экономиканың біртұтас субъектісі ретінде қарастырылады және мүдделі пайдаланушыларға олардың біріккен қаржы-шаруашылық қызмет нәтижесін біртұтас компания қызметінің нәтижесі ретінде сипаттайтын біртұтас бухгалтерлік есептілікті ұсынуы тиіс. Мұндай есептілікті жаңа енгізілген стандарттарды қолдану арқылы дайындау пайдаланушылардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін ұсынылатын есептіліктегі ақпараттың шынайы және әділ болуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында шоғырландырылған есептіліктің құрамы мен құрылымына қойылатын негізгі талаптар осы есептілікті құруда негізге алынуы тиіс құқықты-нормативтік актілерде бекітілген. Оларға тиісті келесідей құжаттар қатарын атап өтуге болады:

- ҚР Азаматтық кодексі;
- ҚР Салық кодексі;
- «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заң;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң;
- Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары және оларға әдістемелік нұсқаулықтар;
- «Жария мүдделі ұйымдардың (қаржылық ұйымдарынан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту» туралы;
- Кәсіпорынның есеп саясаты.

Қазақстандық заңнама (ҚР Азаматтық кодексі, 94б, 1т) еншілес ұйымды келесідей жолмен сипаттайды: «Еншілес ұйым - жарғылық капиталының басым бөлігін басқа заңды

тұлға қалыптастырған не олардың арасында жасалған шартқа сәйкес (не өзгедей түрде) негізгі ұйым осы ұйымның қабылдайтын шешімдерін айқындай алатын заңды тұлға».

Бір ұйымның басқа ұйымның шешімдеріне әсер ету мүмкіндігі ескеріліп, кодексте әсер етуші ұйымға жауапкершілік қарастырылады. Осылайша, 94 баптың 2 тармағында бекітілген: «Еншілес ұйым өзінің негізгі ұйымының борыштары бойынша жауап бермейді. Еншілес ұйыммен жасасқан шарт бойынша (не өзгедей түрде) оған міндетті нұсқаулар беруге құқылы негізгі ұйым онымен осындай нұсқауларды орындау үшін жасалған мәмілелер бойынша еншілес ұйыммен бірге субсидиарлық жауапты болады. Негізгі ұйымның кінәсінен еншілес ұйым банкрот болған жағдайда негізгі ұйым оның борыштары бойынша субсидиарлық жауапты болады» [1].

Қазақстандық заңнамада бас және еншілес ұйым арасындағы байланыстың маңызды экономикалық негіздері айқындалған.

Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңы бухгалтерлік есептің және қаржылық есептің жүйесін, қағидаларын, негізгі сапалық сипаттамаларын және бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті құрастыру тәртібін белгілейді. Бұл көрсетілген Заң 5 бөлімнен, 26 баптан тұрады.

Қазақстанда бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікке жалпы методологиялық басшылықты Қазақстан Республикасының Үкіметі атқарады, ал, есеп жүйесін реттеуге құқық берілген органдары (Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі) заңнамаларды басшылыққа ала отырып, өз құзыреті шегінде есеп сұрақтар бойынша нормативтік актілер мен әдістемелік нұсқаулар, есепті жүргізу әдістері мен есептілікті құру ережелерін дайындайды және бекітеді.

Қазақстан Республикасында «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 17 бабына сәйкес еншілес ұйымдары бар компаниялар негізгі ұйымның қызметі жөніндегі қаржылық есептіліктен басқа шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауға және ұсынуға міндетті.

ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 14 қазандағы №1173 қаулысының 4 пунктіне сәйкес жария мүдделі ұйымдар есепті кезеңнен кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей уәкілетті орган депозитарий жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға айқындаған ұйымға қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін шоғырландырылған қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымдары жоқ болған жағдайда дара қаржылық есептілікті ұсынуы тиіс [2].

Ал, шоғырландырылған қаржылық есептілікті қалыптастырудың негізгі принциптері мен тәсілдері қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарында қарастырылған. Әрине, ҚЕХС мәні мен мазмұнын түсіну және білу, олардың Қазақстан тәжірибесінде кең қолданылу мүмкіндігі отандық кәсіпорындардың халықаралық нарыққа шығып, дамыған шетелдік кәсіпорындармен біріккен қаржы-өндірістік қызметке қатысуына мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде кәсіпорындардың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ҚЕХС қолдану дүние жүзінде күннен күнге артуда.

Қазақстан Республикасында 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша кеңеспен (ҚЕХСК) құрастырылған Халықаралық стандарттар (IAS) – 29, (IFRS) – 8, Түсіндірмелер (SIC-Standing Interpretations Committee) – 10, Халықаралық стандарттар мен түсіндірмелерге өзгертулер мен түзетулер 20, Қосымшалар 20 әрекет етеді.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша Кеңес (ҚЕХСК) 2011 жылдың мамыр айында кәсіпорын есептілігін шоғырландыруға байланысты жаңа стандарттар қатарын шығарды. Олардың құрамында 10 ҚЕХС (IFRS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік», 11 ҚЕХС (IFRS) «Бірлескен қызмет» және 12 ҚЕХС (IFRS) «Басқа кәсіпорындардағы қатысулар туралы ақпараттарды ашып көрсету». Сонымен қатар әрекет етуші 27 ҚЕХС (IAS) «Шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігі» мен 28 ҚЕХС (IAS)

«Қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестициялар» өзгерістер енгізілді. Қазіргі таңда 27 ҚЕХС (IAS) «Жеке қаржылық есептілік» деп, ал 28-ші ҚЕХС (IAS) «Қауымдасқан ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар» деп аталады.

Қазіргі кезде ресми түрде әрекет ететін 41 ҚЕХС (IAS), 12 ҚЕХС (IFRS)-ның көптеген стандарттары тура немесе жанама түрде шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұйымдастыру келесі ҚЕХС негізінде жүргізіледі: 3 ҚЕХС (IFRS) «Бизнес бірлестіктері», 10 ҚЕХС (IFRS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік», 11 ҚЕХС (IFRS) «Бірлескен қызмет» және 12 ҚЕХС (IFRS) «Басқа кәсіпорындардағы қатысулар туралы ақпараттарды ашып көрсету», 27 ҚЕХС (IAS) «Жеке қаржылық есептілік», 28 ҚЕХС (IAS) «Қауымдасқан ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар». Олар шоғырландырылған есеп пен қаржылық есептіліктің жүйесін құрудың басты әдістемелік негізі болып табылады.

Шоғырландырылған есептілікті құруды түсінуде қолданылатын негізгі стандарттардың бірі 3 ҚЕХС (IFRS) - «Бизнес бірлестіктері». Бұл стандарттың мақсаты бизнесті біріктіруде қолданылатын есептің негізгі әдістемелік әдістерін анықтау. Бұл стандарт бизнесті біріктірудің барлығы сатып алу әдісін қолдана отырып ескерілуге тиіс екендігін белгілейді. Осы Стандарт :

- жекелеген кәсіпорындар немесе коммерциялық қызмет түрлері бірлескен қызметті ұйымдастыру үшін бірігетін бизнес бірлестіктеріне;

- жалпы бақылауда тұрған кәсіпорындар немесе коммерциялық қызмет түрлерін қамтитын бизнес бірлестіктеріне;

- екі немесе одан көп өзара қарым-қатынастағы кәсіпорындарды қамтитын бизнес бірлестіктеріне;

- меншік үлесін алмай, есеп беретін кәсіпорындар ұйымдастыру үшін дербес шарт бойынша жекелеген кәсіпорындар немесе коммерциялық қызмет түрлері біріккен бизнес бірлестіктеріне (мысалы, жекелеген кәсіпорындар қосарлы листингі бар корпорациялар қалыптастыру үшін дербес шарт бойынша бірлескен бірлестіктер) қолданылмайды.

Бизнесті біріктіру «бас кәсіпорын - еншілес кәсіпорын» байланысының туындауына алып келуі мүмкін, бұл ретте сатып алушы - бас кәсіпорын, ал сатып алынатыны - сатып алушының еншілес кәсіпорны болып табылады. Мұндай жағдайда сатып алушы өзінің шоғырландырылған қаржылық есебінде осы Стандартты қолданады. Ол өзінің сатып алынатын кәсіпорындағы қатысу үлесін шығарылатын жеке қаржылық есептілікке еншілес кәсіпорынға инвестиция ретінде енгізеді. Бизнес бірлестіктері - бұл жекелеген кәсіпорындар немесе коммерциялық қызмет түрлерінің бір есеп беретін кәсіпорындарға бірігуі. Бизнесті біріктіру құрылым бойынша заңдық, салықтық және басқа себептермен барынша түрліше тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл - кәсіпорынның, бірлесіп коммерциялық қызметтің бір немесе бірнеше түрлерін құрайтын басқа кәсіпорынның меншікті капиталын сатып алуы, басқа кәсіпорынның барлық таза активтерін сатып алуы, басқа кәсіпорынның міндеттемелерін өзіне қабылдауы немесе басқа кәсіпорынның таза активтерінің бір бөлігін сатып алуы болуы мүмкін. Бизнесті біріктіру үлестік құралдарды шығару, ақша қаражатын, ақша қаражаты баламасын аудару немесе басқа активтерді немесе олардың құрамдары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Операция бірлесетін кәсіпорындардың акционерлері арасында немесе бір кәсіпорын және басқа кәсіпорынның акционерлері арасында жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл бірлесетін кәсіпорындарға немесе таза берілген активтерге бақылау жасау үшін жаңа кәсіпорын құру немесе бір (бірнеше) бірлесуші кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру болуы мүмкін.

Негізгі кәсіпорынның бақылауында болатын кәсіпорындар тобының қаржылық есептілігін құру мен ұсынудың өзара қатынасын реттеуде 10 ҚЕХС (IFRS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» қолданылады. Бұл стандарт шоғырландыру рәсімін және бақылауды танудың тәртібіне қатысты жаңа талаптарды анықтайды. Стандартқа сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілік - бас кәсіпорын мен оның

еншілес кәсіпорнының активтері, міндеттемелері, капиталы, кірісі, шығысы мен ақша ағындары бірыңғай экономикалық қызмет субъектісінің активтері, міндеттемелері, капиталы, кірісі, шығысы мен ақша ағындары сияқты ұсынылған топтардың қаржылық есептілігі.

10 ҚЕХС (IFRS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» сәйкес, инвестор төмендегі бақылаудың үш негізгі элементтеріне ие болса ғана инвестиция нысанын бақылай алады. Олар:

- егер инвестиция нысанына қатысты өкілеттілікке ие болса;
- инвестиция нысанына қатысудан түскен ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелге ұшыраса немесе мұндай кірісті алуға құқығы болса;
- инвестордың кіріс мөлшеріне ықпал ету мақсатында инвестиция нысанына қатынасты өзінің өкілеттігін қолдану мүмкіндігі болса.

Инвестор, қазіргі уақытта маңызды қызметін басқару мүмкіндігі құқығына ие болса, инвестиция нысанына өкілеттілігін жүргізе алады және оған қатысты кіріске елеулі ықпал етеді.

Елеулі қызмет бұл - инвестициялар нысанының кірісіне елеулі ықпал ететін инвестициялар нысанының қызметі.

10 ҚЕХС (IFRS) Шоғырландырылған қаржылық есептілік «арнаулы мақсаттағы компаниялар» ұғымын ауыстыратын жаңа ұғымды енгізді.

Стандартқа сәйкес құрылымдық кәсіпорын бұл кәсіпорынды кімнің бақылауын анықтау кезінде дауыс беру құқығы немесе ұқсас құқықтар басымдылық танытатын фактор болып табылмайтындай ұйымдастырылған кәсіпорын.

Құрылымдық кәсіпорынға қызметтің шектеулілігі, арнайы және нақты анықталған мақсат секілді ерекшеліктер тән.

12 ҚЕХС (IFRS) сәйкес құрылымдық кәсіпорын арнайы мақсаттағы кәсіпорыннан аса ерекшеленбейді. Алайда құрылымдық кәсіпорынның негізгі белгісі өзінің қызметін қамтамасыз ететін меншікті капиталдың жеткіліксіз болуы табылады.

Бас кәсіпорын құрылымдық кәсіпорынды бақылайды және сәйкесінше, оны шоғырландырады. Бас компанияның дара есептілігіндегі еншілес компанияға салынған инвестиция есебі 27 ҚЕХС (IAS) «Жеке қаржылық есептілік» бойынша реттеледі.

27 ҚЕХС (IAS) сәйкес жеке қаржылық есептілік – шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосымша берілген немесе қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорындағы инвестициялардың үлестік әдісті қолданғандағы қаржылық есептілігіне қосымша бас ұйыммен ұсынылатын есептілік [3].

Бұл стандарт ұйымдардың дара қаржылық есептілікті тапсыруын міндеттемейді. Халықаралық қаржылық есептіліктің стандартына сай ұйым қаржылық есептілік даярлағанда осы стандартты қолданады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылатын бас және еншілес компаниялардың қаржылық есептіліктері бірдей күнге дайындалуы тиіс.

Қорытындылай келе, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауда және оны ұсынуда, оның ішінде бас ұйымның иелігіндегі топтардың қаржылық позициясын, қызмет нәтижелері мен ақша қаражаттарының ағындарын анықтауда қолданылады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ҚЕХС сәйкес құрастыру қаншалықты күрделі және көп қырлы болса, ол соншалықты маңызды және ілгері болып табылады.

Қолданылған әдебиет:

1. ҚР Азаматтық кодексі
2. Баимбетов Н. Правила публикации финансовой отчетности акционерными обществами и финансовыми организациями// Справочник бухгалтера и аудитора. - 2013. -№3 (88). - С. 13.
3. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары - www.minfin.kz